

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ – АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ КЕПІЛІ РЕТІНДЕ

Байкенжина Ш.Т., з.ғ.м., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің құқықтық қамтамасыз ету және ішкі аудит бөлімінің маман-заңгері
Божқараұлы А., з.ғ.к., доцент, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі

Азаматтық қоғам заңсыз өмір сүре алмайтыны сөзсіз. Ал қоғамның барлық өмір аяларында болып жататын құбылыстардың бәрін заңмен реттеу үшін қажетті нормативті актілердің саны қанша болуы керектігін ешкім де дәл тауып айталмас еді. Дамыған демократиялы елдерде әрекет ететін заңдар мыңдап саналады. Сол заңдардың бәрінің бастау алар негізі – Конституция болып табылады. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылдап, Қазақстанның халықаралық құқықтық субъект ретінде жария етілуі елдің тәуелсіздік мәртебесіне сай заңның – Конституциясын қабылдау қажеттігін туғызды [1]. 1993 жылы 28 қаңтарда тәуелсіз Қазақстан Республикасының негізгі заңы – Конституция қабылданды [2]. Алғашқы Конституция Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін нығайтуда, мемлекеттің халыққа қызмет ететін жаңа билік органдарын құруда, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын айқындауда және оларды кеңейтуде үлкен рөл атқарады. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы өтпелі кезеңнің негізгі заңы ретінде екі жыл өзінің миссиясын атқарып, ел тарихында қалды. 1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдум Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдады [3]. Онда мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың ұйымдастырылуы және болашаққа бағдар ұстай отырып қызмет ету ұстанымдары белгіленген. Адамның және азаматтың конституциялық мәртебесі, бүкіл халықтың мәртебесі, мемлекеттік билік пен мемлекеттің әлеуметтік базасының қайнар көзі ретіндегі адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары мен міндеттері баян етілген. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар республикалық референдум арқылы енгізілуі мүмкін. 1998 жылы және 2007 жылы Конституцияға өзгертулер мен түзетулер енгізілді.

Адамның құқықтары, бостандықтары мен міндеттері, азамат және азаматтыққа байланысты ережелер «Адам және азамат» деп аталған II бөлімде жинақталып берілген. Аталған бөлім адам және азаматтық негізі құқықтары мен бостандықтарын қамтитын 30 бапты қамтиды. Қазақстан Республикасының Парламенті қабылданған өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін Ата Заңымыз жаңа сипатқа ие болып, еліміздегі демократиялық реформалар тереңдей түсті [4]. Ішкі істер органдары үшін маңызды конституциялық принцип азаматтар құқықтары мен бостандықтарын шектеуге жол бермеу болып табылады. Негізгі құқықтар мен бостандықтар шектелмейді. Адамның бостандығы олардың жасаған әрекеттері тек заңға қайшы келгенде ғана, Қазақстан заңнамасына сәйкес, сот арқылы шектеу қойылмақ. Өйткені, мемлекеттің ең бірінші міндеті - адам өмірін сақтау және оның құқығы мен бостандығына нұқсан келтіруге жол бермеу. Қазақстан Республикасының азаматы болсын немесе басқа елден келген қонақ болсын мейлі, адам және азаматқа қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу Конституциядан бастау алады.

Жаңа Конституция мемлекеттіктің табиғаты жөніндегі мәселелерді түбегейлі шешті. Биліктің бірден-бір көзі болып Қазақстанның халқы танылды. Қолданыстағы Конституцияда алғашқы рет «Қазақстан — ежелден келе жатқан қазақ жерінде оның халқы тарапынан құрылған мемлекет» екендігі бекітілді. Осы көзқарастың арқасында ұлттық мемлекет идеясы азаматтық қоғамды құруға және мемлекеттік механизмнің тиімді жұмыс істей бастауына мүмкіндік берді [5]. Байқап отырғанымыздай, Ата Заңымыз азаматтық қоғамды жаңартудың жаңа парақшасын ашты, оның одан әрі дамуына жаңа серпін бергені сөзсіз.

Конституцияның II-бөлімі Қазақстан Республикасының азаматтығы, құқық субъектісі ретінде танылуға құқығы, заң мен сот алдындағы теңдік, өмір сүру құқығы, қадір-қасиеттің қорғалуы, жеке өмірге қол сұғылмаушылық, сөз мен шығармашылық еркіндігі, ар-ождан бостандығы, бірлесу бостандығы, еңбек ету бостандығы, тұрғын үйге қол сұғылмаушылық, денсаулығын сақтауға құқығы, білім алуға құқығы сияқты негізгі құқықтарды қамтиды. Дегенмен, Конституцияның 39-бабына сәйкес, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін. Ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады. Саяси себептер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір

түрде шектеуге жол берілмейді. Конституцияның 10; 11; 13-15-баптарында; 16-бабының 1-тармағында; 17-бабында; 19-бабында; 22-бабында; 26-бабының 2-тармағында көзделген құқықтар мен бостандықтар ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс [3].

1948 жылғы Жалпыға бірдей декларациясы кепіл болатын адам құқытарының қатарына әр адамның азаматтық алу құқығы жатқызылған. Ешкімді де азаматтығынан немесе азаматтығын өзгерту құқығынан еріксіз айыруға болмайды [6]. Адам құқытарының жалпыға бірдей декларациясының аталған ережесі қолданыстағы Қазақстан республикасының Конституциясында да жүзеге асырылған. Конституциялық-құқықтық институты ретінде азаматтық, бір жағынан мемлекет және екінші жағынан азаматтар, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар арасында қарым-қатынасты реттейтін конституциялық және кәдімгі нормалардың жиынтығын білдіреді. Бұл институттың нормалары Қазақстан азаматтары болып танылатын тұлғалардың тобын, азаматтықты алу және тоқтату негіздері мен тәртібін, азаматтық мәселелері жөніндегі істерді қарау және шешу тәртібін белгілейді.

Конституцияда бекітілген азаматтылық патриоттылықпен тікелей байланысты. Қазақстандық біртектілікті бұдан әрі нығайту қажет екенін айта келе, Ел Президенті –Елбасы Н.Ә. Назарбаев «ол азаматтық қағидатына негізделуі тиіс. Барлық азаматтар құқықтың бір көлемін пайдалануы, жауапкершіліктің бір жүгін арқалауы және тең мүмкіндікке қолжетімділікті иелену керек. Мәңгілік Ел идеясы арқауындағы жұмылдырушы құндылықтар – азаматтық теңдік; еңбексүйгіштік; адалдық; оқымыстылық пен білімді қастер тұту; зайырлы ел – тағаттылық елі. Осындай жағдайда азаматтық орнықты және табысты мемлекеттің ең сенімді іргетасы болады» деп атап өтті [7].

Алайда жеке тұлғаның мемлекетпен құқықтық байланысының барлығы бірдей олардың арасында азаматтық қарым-қатынастың пайда болуын білдірмейді. Қазақстан аумағында уақытша тұратын немесе жүрге шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ белгілі құқықтық байланыста болады, алайда Конституцияда бекітілген азаматтық мәртебесіне ие болмайды.

Қазақстанның азаматтары әр түрлі құқықтар мен міндеттерді тудыратын қандар да бір жіктерге немесе топтарға бөліне алмайды. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Конституциясының 61-бабының 3-тармағына сәйкес, жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына жеке және заңды тұлғалардың құқықтары міндеттері мен жауапкершілігіне қатысты негізгі принциптер мен нормалар тек қана заңмен реттеледі. Бұл мәселелер заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілермен регламенттелуге жатпайды.

Қазақстан Республикасы өзіне адам мен азаматтың құқықтарын тану және оларға кепілдік беру, оларды кез келген қолсұғушылықтан қорғау жөнінде міндеттемелер алған.

Мемлекеттің адам құқықтары мен бостандықтарын тану мемлекеттің осы құқықтарды Конституцияда, заңнамада және құқық қолдану процессінде бекіту міндетін білдіреді. Қазақстан Республикасының Конституциясы ұлттық құқықтық жүйеге Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының көптеген ережелерін, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басқа да негізгі халықаралық көздерін қамтиды.

Мемлекет өзіне конституциялық құқықта мен бостандықтарды қамтамасыз ету кепілдігін ала отырып, оларды жүзеге асырудың (іске асыру) заңды тетіктерін белгілейді, оларға: Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қабылданатын және оның ережелерін дамытуға бағытталған заң актілері, мемлекеттік, сот және құқық қорғау органдар жүйесі, арнайы институттар жатады.

Өмір сүру құқығы адамның негізгі құқықтар арасындағы маңыздысы болып табылады, ол қамтамасыз етілмеген жағдайда барлық басқа саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және басқа да құқықтар мен бостандықтар мәнін жоғалтады. Халықаралық құқықпен және халықаралық нормалармен қорғалатын өмір сүрі құқығы әркімге тумысынан жазылған, абсолютті деп танылады, одан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады [8, 110].

Бір жағынан, мемлекеттің, екінші жағынан, қоғамның негізгі заңы ретінде қолданылуы Конституцияның маңызды ерекшелігі болып табылады. Бұл халықтың мемлекеттік биліктің қайнар көзі және қоғамның әлеуметтік базасы ретіндегі мәртебесімен байланысты. Конституция мемлекетті оның барлық атрибуттарымен құрады. Ол оның егемендігі барлық элементтерімен: аумағымен, жоғарғы билігімен, азаматтығымен, дербес заңдарымен және басқаларымен орнықтырады. Конституция мемлекеттің, мемлекеттік органдардың қоғаммен, қоғамдық институттармен өзара қатынасының негізін қалайды. Конституция қоғамдық: экономикалық, ұйымдық, әлеуметтік, діни, жекелік құрылыстың негіздерін анықтайды. Сондықтан мемлекет қана емес, оның институттары да Конституцияның құқықтық қағидаларын, идеяларын жинақтайды.

Осыған байланысты қоғам, оны құрушылар өз қызметін Конституцияға негіздеуі тиіс. Жекелеген заңдардың қайсыбір жекелеген қоғамдық институттарға: саяси партияларға, діни, мәдени бірлестіктерге және басқаларына қатынасы болуы мүмкін. Мақсаты мен әрекеті конституциялық құрылысты күштеп өзгертуді, республиканың тұтастығын бұзуды көздейтін қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне тыйым салатын Конституцияның нормативтік ережелері тура және тікелей қолданылады. Сондықтан құқық қорғаушы органдар осы іспеттес құбылыстарға қарсы шара қолданғанда тікелей Конституцияны басшылыққа алады.

Азаматтық (жеке) құқықтар әрбір адамға туғанынан тиесілі және азаматтықпен байланысты емес. Оларға өмір сүру құқығы (ҚР Конституциясының 15 б.), жеке бостандық (16 б.), ар-намыстың дербес құқықтылығы (17 б.), жеке өмірдің дербес құқықтылығы (18 б.), ар-ождан бостандығы (22 б.) сияқты және басқа да құқықтар жатады.

Біздің Конституция орасан зор әлеуетке ие, ол елдің саяси, әлеуметтік, экономикалық дамуының орнықтылығын да, динамизмін де қамтамасыз етуге тартылған бүкіл құқықтық жүйенің берік және бір мезгілде икемді тірегі. Ең бастысы – бүкіл қоғамның өмірінде заң шығарудың және құқық қолданудың күнделікті машығында конституциялық қағидаларды іске асыруды қамтамасыз етеді.

Н.Ә.Назарбаев: «...кез келген елдегі конституциялық үдеріс Конституцияны қабылдаумен тоқтамайды, әлеуметтік-экономикалық және саяси үдерістерді заңгерлік көмкеру қоғамда болып жатқан динамикаға сәйкес болып қана қоймай, сонымен бірге одан озып кетуге тиіс» деп атап көрсетті [9].

Адам мен азаматтың Конституциясымен белгіленген құқықтыры мен бостандықтары негізгісі болып табылады және біртұтастығымен сипатталады. Ол құқық пен бостандықты қоғамдық өмірдің барлық саласында жан-жақты реттеудің базасы ретінде қызмет етеді.

Конституцияның адам құқықтары мен бостандықтарына арналған нормалары басқа салалық заңнамалардың мазмұнына әсерін тигізуде. Кеңес заманында қалыптасқан адамды заңбұзушы – бұзақы ретінде көру стереотипі тарихтың қойнауына кетіп, керісінше, кінәсіздік презумпциясын басшылыққа алу кең өріс алды. Конституциямызда бекітілгендей, тұлғаға құрметпен қарау, оның жеке құқықтарын таптамау, сот пен заң алдындағы теңдік, жалпы теңдік қағидалары заманымызға сай идеологияға айналды. Адамның табиғи құқықтарын үстем қою мемлекет қызметінің негізгі бағыты десек еш қателеспейміз. Айталық, мемлекеттің қылмыспен күресудегі саясаты негізгі бағыттарының өзгеруі адамның табиғи құқықтары мен бостандықтарын қорғауды алдыңғы орынға қоюға байланысты. Қылмыстық заңнаманы ізгілендіру үшін онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар үшін жазаны жеңілдету, бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалардың кең қолданылуына жағдайлар жасау, өлім жазасын орындауды тоқтатуға бағытталған шаралар Конституция нормаларына сәйкес жүргізілуде. Атазаңның 13-бабы 3-тармағында танылған әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығын ауылдық жерлерде қамтамасыз ету үшін бірқатар шаралар жүзеге асырылуда [10].

Республиканың көпұлтты халқының достығын нығайту мен қоғамдық келісімді қамтамасыз етуде Конституцияның ролі зор. Әлемнің түкпір-түкпірінде қарулы қақтығыстар, терроризм мен діни экстремизмнің қанды салдары өршіп жатқанда, тәуелсіз Қазақстанда ұлтаралық келісім және саяси тұрақтылық орын алуда. Мұның бәрі Конституцияда бекітілген Республика қызметінің түбегейлі принциптерін қоғамдық және саяси өмірде нық ұстанудың нәтижесі.

«Конституцияны қатаң ұстану – бұл мемлекеттіліктің табысты дамуының және қоғамдағы азаматтық келісімнің негізі. Ол бойынша өмір сүру – бұл демократияның ең жоғарғы мектебі. Бұл мектептен барлығымыз өтуге тиіспіз. Біздің міндет – Конституцияға аса ұқыптылықпен қарау». Бір сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев осылай деген еді. Шындығында кез келген мемлекеттің ұстанымын, ұлтының құндылығын айқындайтын Негізгі Құжат – Конституция. Олай болса, Ата заңды киелідей аялап, қастерлеу – ұлттың ұлы парызы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Садыбекова Л. Ата Заң – ел тірегі // <http://www.tarbie.kz/21613>.
2. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы (күші жойылды).
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
4. Тоқтаров Қ. Ата Заң – тәуелсіздік пен тұрақтылықтың теңдессіз тартуы // <https://szh.kz/student/>.

5. Қазақстанды демократияландырудың жаңа кезеңі — еркін демократиялық қоғамды жедел түрде дамыту. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзі. Астана, 2007 жылдың 16 мамыры. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты // URL: www.akorda.kz.

6. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған) // <http://www.un.org/russian/document/declarat/declhr.htm>

7. Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: Бес институттық реформа Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Назарбаевтың партияның XVI съезінде сөйлеген сөзі, 2015, 12 наурыз.

8. Қазақстан Республикасының Конституциясына ғылыми-практикалық түсіндірме. Алматы - «Раритет», 2015. – 218 б.

9. Е. Сейдімбеков. Ата Заң – мемлекеттің негізі // <https://szh.kz/student/123/>

10. Кемалов М., Нұрмұханов Б. Республика Конституциясы – Қазақстан халқының бүгінгі мен болашағының айнасы // <http://ksrk.gov.kz/kaz/press-center/public/?cid=0&rid=100>

SOME ISSUES OF INTERCONFESSIONAL RELATIONS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

*Rustembekova D.K., PhD, Department of the constitutional and international law,
Shakentayeva A.U., student, Faculty of Law, Ye.A.Buketov Karaganda State University*

There is country's Leader N.A.Nazarbayev in the labours and messages of people of Kazakhstan constantly pays attention to the theme of harmonization of interethnic relations and their analysis. In totality these labours became the theoretical and methodological base of the Kazakhstan model interethnic tolerance and public consent.

President of Republic of Kazakhstan N.A.Nazarbaev as early as the first years of independence talked: "if we will not save and will not strengthen an existent consent especially national, then ahead for us is an inevitable precipice. It will be forever will leave with sovereignty, matter of reforms and every dreams about the future for itself and children" [1]. Most strong and viable the state can become only at presence of the national idea, supported by all people, based on unity and international consent.

The special attention to making of optimal form of the legal adjusting of questions of interethnic mutual relations was initially spared in Republic of Kazakhstan. So, in the Constitution of Republic of Kazakhstan, accepted on August, 30, 1995 [2], the questions of international consent a number of reasons is sanctified to, where it is underlined that any actions able to violate an international consent will confess unconstitutional and will be pursued on all strictness of the Kazakhstan legislation. The preamble of Constitution is begun with words: "We, people of Kazakhstan, incorporated by a general historical fate, creating the state system on native Kazakh earth". This solemn phrase became original documentary confirmation of efforts of President of Republic of Kazakhstan N.A.Nazarbayev on defending of the new Kazakhstan state system as the states of all multinational people of Kazakhstan. Kazakhstan today general house for representatives 140 ethnoss, 3088 religious associations presenting 18 confessions.

Essence original, not having analogues in the world of way of creation of the Kazakhstan model interethnic tolerance and public consent, at the variety of society in an ethnic, confessional, cultural plan, consists of that it has hard unity and is based on the features of Kazakhstan society. This model managed to reconcile and unite in single unit maximum the contradictory factors of human life, as such languid of life create unity, as, from one side, ethnos of country polyethnicity, and from other is the unitary state. This dialectical unity is arrived at through a variety and for maintenance of variety.

Kazakhstan pulled in the global orbit of search of universal model of national and confessional cooperation became the author of the own, becoming knowable in world community model of tolerant and harmonious society and pawned basis of further perfection of public relations on the base of the civil world and consent. The way passed by Kazakhstan for years the independence is the unique phenomenon and system of cooperation of inhabiting its people.

There is the ethnic and religious world in polyethnic and polyconfessional Kazakhstan, tolerance were and remain the main condition of stability, socio-economic progress and prosperity. Therefore these questions and became fundamental the constitutional principles reflected in the norms of our Basic law [2]. The Constitution of Kazakhstan fastened position initially, and it is absolutely observed, about prohibition of some discrimination on the signs of race, nationality, language, attitude toward religion